

Ұйғыр аудандық мәслихатының 2015 жылғы 26 наурыздағы "Ұйғыр ауданындағы аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы" № 45-4 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Ұйғыр аудандық мәслихатының 2015 жылғы 26 мамырдағы № 47-3 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 17 маусымда № 3232 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ұйғыр аудандық мәслихатының 2024 жылғы 5 ақпандағы № 8-17-88 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ұйғыр аудандық мәслихатының 05.02.2024 № 8-17-88 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 97-бабының 2-тармағына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабына, "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына, "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" 2014 жылғы 5 наурыздағы № 185 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына, "Тұрғын үй көмегін алуға, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу қағидасын бекіту туралы" 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 471 Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының бұйрығына сәйкес, Ұйғыр аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ұйғыр аудандық мәслихатының 2015 жылғы 26 наурыздағы "Ұйғыр ауданындағы аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2015 жылдың 27 сәуірінде № 3148 тіркелген, "Қарадала тынысы - Қарадала нәпәси" газетінде 2015 жылдың 1 мамырында № 19 (122) жарияланған) № 45-4 шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған шешім қосымшасының 1-тармағының 7) тармақшасы жаңа редакцияда баяндалсын:

"7) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстар - үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің жалпы жиналыстың шешімімен белгіленген ай сайынғы жарналар арқылы кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін пайдалануға және жөндеуге, жер учаскесін күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтерді тұтынуды есептеудің үйге ортақ аспаптарын сатып алуға, орнатуға, пайдалануға және салыстырып тексеруге, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға тұтынылған коммуналдық қызметтерді төлеуге, сондай-ақ кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін немесе оның жекелеген түрлерін болашақта жүргізілетін күрделі жөндеуге ақша жинақтауға арналған шығыстарының міндетті сомасы;"

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ұйғыр аудандық мәслихатының " Халықты әлеуметтік қорғау, еңбекпен қамту, білім беру, денсаулық сақтау, сауда , мәдениет, тіл және діни мәселелер жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. "Ұйғыр ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі " мемлекеттік мекемесінің басшысы Амирдинов Вахидин Амирдиновичқа осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және аудандық мәслихаттың интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ұйғыр аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
Ұйғыр аудандық
мәслихатының хатшысы*

Б. Бахтаунов

Н. Есжан